



Ақкетік арайы

СЕЙСЕНБІ
№33 (1360) 25 тамыз 2026 жыл

1931-2026
95 ЖЫЛ
ЖАҢА
ЖҰРТШЫЛЫҚ
МАҢҒЫСТАУДЫҢ ТҰҒЫШ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1931 ЖЫЛДЫҢ 5 ТАМЫЗЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ТҮПҚАРАҒАН АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

■ АУДАН ТЫНЫСЫ

АУЫЛ ӘЛЕУЕТІ АРТУДА

АУДАНДА ӨНДІРІСТІК, СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ
ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІРҚАТАР ЖОБА
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА. ОБЛЫС ӘКІМІ
НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ АУДАНҒА ЖҰМЫС
САПАРЫ БАРЫСЫНДА АҚШҰҚЫР ЖӘНЕ
САЙЫН ШАПАҒАТОВ АУЫЛДЫҚ
ОКРУТТЕРІНДЕГІ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАП,
ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН
ТАНЫСТЫ.



Алдымен облыс әкімі Ақшұқыр ауылында салынып жатқан «Rakhim baby» балалар киімін өндіретін тігін фабрикасының құрылысын көрді.

Жоба іске қосылғаннан кейін кәсіпорын жылына 1 млн. 200 мың дана балалар киімін өндіруге мүмкіндік алады. Фабрикада қосымша 60 жұмыс орны ашылып, кәсіпорындағы жұмысшылардың жалпы саны 140 адамға жетеді.

Жаңа фабриканың құрылысы биыл сәуір айында басталған. Қазіргі уақытта жер учаскесі тегістеліп, құдық қазылды. Гимараттың қабырғалары қаланып, сылақ жұмыстары жүргізілуде. Келесі кезеңде шатыр жабу жұмыстары атқарылады.

Облыс әкімі жобаның өңірдегі отандық өндірісті дамытудағы және жергілікті тұрғындарды сапалы балалар киімімен қамтамасыз етудегі маңызын атап өтіп, қаржыландыру мәселесін жедел шешу және құрылысты белгіленген мерзімде аяқтау жөнінде жауапты органдарға тапсырма берді.

Сапар барысында Нұрәулет Қилыбай Сайын Шапағатов ауылдық округінде салынып жатқан «Дарабоз» спорт кешенінің құрылысымен де танысты.

Жеке инвестиция есебінен жүзеге асырылып жатқан жоба 0,44 гектар аумақта орналасқан. Жаңа спорт кешені 140 балаға арналған. Нысан пайдалануға берілгеннен кейін мұнда 20 жаңа жұмыс орны ашылады.

Спорт кешенінің негізгі мақсаты – ауыл балалары мен жастарының спортпен тұрақты айналысуына жағдай жасау және оларды түрлі спорт секцияларымен қамту.

Сонымен қатар облыс әкімі Сайын Шапағатов ауылдық округінде салынып жатқан өрт сөндіру пунктін құрылыс барысын көрді.

Жобаны «СпецавтоматикаСервисГрупп» ЖШС жүзеге асыруда. Жаңа нысан ауылдық округ аумағында төтенше жағдайлардың алдын алу және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін күшейтуге мүмкіндік береді. Бұл ретте өртке жедел әрекет ету уақытын қысқарту және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізгі міндеттердің бірі.

Нысандардың құрылыс барысымен танысқан облыс әкімі жобалардың ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызын атап өтті.

– Бұл жобалардың әрқайсысының өзіндік маңызы бар. Балалар киімін өндіретін фабрика жергілікті өндірісті дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Ал спорт кешені балалар мен жастардың спортпен айналысуына қолайлы жағдай қалыптастырады. Өрт сөндіру пунктін тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан барлық нысанның құрылысын сапалы жүргізіп, белгіленген мерзімде пайдалануға беру қажет. Туындаған мәселелерді жедел шешіп, жобалардың іске асырылуын тұрақты бақылауда ұстау керек, – деді Нұрәулет Қилыбай.

Нысандарды аралау қорытындысы бойынша облыс әкімі жауапты мемлекеттік органдарға жобалардың белгіленген мерзімде аяқталуын қамтамасыз етуді, құрылыс сапасына бақылауды күшейтуді және туындаған мәселелерді жедел шешуді тапсырды.

Аталған жобалардың іске асырылуы Түпқараған ауданында жаңа жұмыс орындарын ашуға, отандық өндірісті кеңейтуге, балалар мен жастардың спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасауға және ауылдық елді мекендердің қауіпсіздік инфрақұрылымын нығайтуға мүмкіндік береді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ОСЫ ЖЕКСЕНБІДЕ ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ САЙЛАУЫ ӨТТІ. ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯҒА СӘЙКЕС ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ ОРҒАН 145 ДЕПУТАТТАН ҚҰРАЛАДЫ. ЖАҢА ОРГАННЫҢ «ҚҰРЫЛТАЙ» АТАЛУЫ ДА КЕЗДЕЙСОҚТЫҚ ЕМЕС. БҮЛ АТАУ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ТАРИХИ ТАМЫРЫНА БОЙЛАП, ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ САЯСИ ДӘСТҮРЛЕРІМЕН САБАҚТАСТЫҚТЫ АҢҒАРТАДЫ. ТАРИХТА ҚҰРЫЛТАЙЛАР ЕЛ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНАТЫН, БИЛІКТІҢ ТАҒДЫРЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ БОЛАШАҒЫНА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНАТЫН АЛҚАЛЫ ЖИЫН РЕТІНДЕ БЕЛГІЛІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ТА ЖАҢА ПАРЛАМЕНТТІҢ АТАУЫН ҰСЫНҒАНДА ОНЫҢ ТАРИХИ МӘНІНЕ ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРҒАНЫ БЕЛГІЛІ.

ҚҰРЫЛТАЙ – ел болашағына ортақ жауапкершілік

Президентіміз Қасым-Жомарт «Құрылтай – халқымыздың тарихи жадында сақталған, ел тағдыры талқыланатын, маңызды шешімдер қабылданатын алқалы жиынның атауы. Жаңа Құрылтай қоғам мен билік арасындағы тиімді диалогтің, елдің өзекті мәселелерін ашық талқылаудың және халықтың пікірін мемлекеттік шешімдерге жеткізудің маңызды алаңына айналуы тиіс» деп жаңа Парламенттің қандай болуы керектігін көрсетті. Осы ретте бір палаталы жүйеге көшу тек атау ауыстыру немесе құрылымдық өзгеріс жасау емес, бірінші кезекте оның заң шығару үдерісін онтайландыруға бағытталған шара.

23 тамызда өткен Құрылтай сайлауы – қоғам өміріндегі маңызды саяси оқиғалардың бірі. Бұл – әрбір азаматтың өз таңдауын жасап, қоғамдық өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік беретін маңызды кезең. Құрылтай қоғамдағы түрлі көзқарастарды тоғыстырып, елдің дамуына қатысты өзекті мәселелерді талқылауға арналған маңызды алаң болып табылады. Мұнда көтерілген ұсыныстар мен бастамалар қоғамның сұранысын ескеруге және ортақ мақсаттарға қол жеткізуге бағытталады.

Елдің дамуы тек мемлекеттік бастамаларға ғана емес, азаматтардың белсенділігіне де байланысты. Қоғамға бейжай қарамай, өз таңдауын жасау – әр азаматтың жауапкершілігі.

Түпқараған ауданы бойынша Құрылтай сайлауында дауыс беру таңғы сағат 07:00-де басталды. Сайлау учаскелеріндегі дауыс беру рәсімі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнмен ашылды.

Ауданда барлығы 17 сайлау учаскесі бойынша дауыс беру құқығына ие 26 698 сайлаушы тіркелген.

Биыл аудан бойынша 3 жаңа сайлау учаскесі ашылды. Оның ішінде Форт-Шевченко қаласындағы №280 сайлау учаскесі Форт-Шевченко мектеп-лицейінде, Ақшұқыр ауылындағы №281 сайлау учаскесі Ақшұқыр мектеп-гимназиясында орналасқан. Ал Сайын Шапағатов ауылдық округіндегі №282 сайлау учаскесі ауылдық округтің мәдениет үйінде жұмыс істеді.

Сонымен қатар, №227 сайлау учаскесінің орталығы Е. Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінен Мұрын жырау Сегіргбекұлы атындағы өнер мектебіне ауыстырылды.

Барлық сайлау учаскелерінде дауыс беруге қажетті жағдай жасалып, тиісті ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Аудан тұрғындары өздеріне бекітілген сайлау учаскесіне барып, азаматтық таңдауын жасады.

Сайлау – әр азаматтың ел болашағына деген жауапкершілігін білдіретін маңызды қоғамдық шара. Осы ретте тұрғындардың белсенді қатысуы – ел дамуына деген ортақ мүдденің көрінісі.

Қоғам белсендісі, дзюдо күресінен жоғары санатты, бірінші біліктілік санатындағы жаттықтырушы, ұлттық дәрежедегі төреші, жағажай самбодан Қазақстан чемпионы әрі әмбебап жекпе-жектен Әлем кубогінің қола жүлдегері Төрекен Қобланов Құрылтай сайлауында азаматтық ұстанымын білдіріп, Түпқараған ауданы, Сайын Шапағатов ауылында №232/1 сайлау учаскесінде өз таңдауын жасады.

Спортшы ел өміріндегі маңызды саяси науқанға қатысу әр азаматтың мемлекет болашағына деген жауапкершілігін көрсететінін атап өтті. Оның айтуынша, дауыс беру арқылы әр адам өз таңдауын білдіріп қана қоймай, ел дамуының алдағы бағытына да өз үлесін қоса алады.

«Сайлауға қатысып, өз таңдауымды жасау азаматтық міндетім деп білемін. Құ-



рылтай сайлауында дауыс беру арқылы елдің болашағына қатысты маңызды мәселелер бойынша өз ұстанымымызды білдіреміз. Бұл – тек бүгінгі күннің емес, ертеңгі ұрпақтың тағдырына қатысты таңдау. Сондықтан әр азамат дауысын елдің тұрақты дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруға және жастарға жаңа мүмкіндіктер ашуға бағытталған бастамаларды қолдауға бергені дұрыс деп ойлаймын», – деді Қобланов.

Спорт саласының өкілі ел болашағын айқындайтын кезеңде жауапкершілік маңызды екенін айтты. «Бүгінгі таңдауымыз – өзіміздің болашағымызды айқындаймыз. Еліміздің дамуы үшін әр адам дауыс беріп, таңдау жасауға жауапкершілікпен қарауы маңызды», – деді ол.

Ақшұқыр ауылының мәдениет үйі жанындағы Халықтық ұжым «Асыл әжелер» ансамблінің мүшелері №232 сайлау учаскесіне бірге келіп, азаматтық белсенділіктерін танытты.

Өнерлі әжелер сайлау учаскесіне ән айтып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

– Бүгінгі маңызды күнге бірге келіп, өз таңдауымызды жасайық. Ел аман, жұрт тыныш болып, ұрпағымыздың болашағы жарқын болсын деген тілегіміз бар. Әр азамат өз таңдауын жасауға атсалысқаны дұрыс, – деді ансамбль мүшелері.

Түпқараған ауданының Құрметті азаматы, Баутин ауылының тұрғыны, ардагер ұстаз Гүлсім Рамашева да маңызды саяси науқаннан тыс қалмады. Ардагер ұстаздың айтуынша, әр азамат ел болашағына қатысты маңызды сәтте өз жауапкершілігін сезініп, азаматтық таңдауын жасауы қажет.

– Бүгін біздер үшін маңызды күн. Ерекше сайлау өтуде, бұл еліміздің болашағын айқындайды. Жаңа Қазақстан деп жатырмыз, бұл келешек ұрпақ үшін таңдау жолымыз. Осылардың жолы ашық болсын, жарқын, сәулетті елде өздерінің армандары орындалатын, және сол елдің бір кірпіші болып қалатын жастары болса екен ұрпағымыз, – деп сол мақсатпен барып өз таңдауымызды жасадық. Халық та барып жатыр таңдауларын жасап. Бұл – әділетті іс деп есептеймін. Қазақстанның болашағын халықтың өзінің таңдауы. Жоғары нәтижеге дамуымызға жағдай жасалып жатыр деп есептеймін. Меніңше, әр тұрғын мұндай жауапты кезде бейжайлық танытпауы тиіс. Бүгін балаларым мен немерелерімнің болашағы үшін дауыс бердім. Бастысы, елімізде тыныштық, соның құнын білуіміз тиіс. Сол үшін ойланып, са-

ралап, өлшеп, екшеп, ел болашағы үшін таңдау жасадым. Барша қазақстандықтардың амандығына тілектестігімді білдіремін, – дейді Г. Рамашева.

Құрылтай сайлауы күні Түпқараған ауданындағы бірқатар сайлау учаскелерінде азық-түлік жәрмеңкелері мен ұлттық спорт ойындары ұйымдастырылды.

Тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында азық-түлік жәрмеңкесінде жергілікті азық-түлік өнімдері ұсынылып, сайлау мерекелік көңіл-күймен өтті. Тұрғындар өз таңдауларын жасап қана қоймай, жәрмеңкеге қатысып, күнделікті тұтынатын өнімдерін қолжетімді бағамен сатып алу мүмкіндігіне ие болды.

Аудан тұрғындары алғашқы Құрылтай сайлауына қатысып белсенділік танытты. Ауданға қарасты ірі мұнай компанияларының ватхалық әдіспен жұмыс жасайтын күндізгі бөлім қызметкерлері де саяси науқанға қатысып өздерінің сайлау құқығына ие болды.

Құрылтай сайлауының «Еуразиялық интеграция институты» жүргізген exit poll нәтижесі бойынша: «Әділет» партиясы – 71,8 %, «ЖСДП» партиясы – 5,2%, «Байтақ» партиясы – 1 %, «ҚХП» партиясы – 3%, «Ауыл» партиясы – 6,4%, «Ақ жол» партиясы – 5,1%, «Respublica» партиясы – 5,4%, «Бәріне қарсымын» – 2,1%.

Алдын ала мәлімет бойынша Құрылтай құрамына бес партия өтеді: бірінші орында – «Әділет», екінші орында – «Ауыл», одан кейін «Respublica», «ЖСДП» және «Ақ жол» партиялары тұр. Экзитполл нәтижесіне сәйкес, олардың барлығы 5%-дық межеден асты.

Құрылтайдың болашақтағы беделі оның атауымен немесе құрылымымен емес, қабылдайтын қандарының сапасымен өлшенеді. Заң – қоғамның күнделікті өміріне әсер ететін құжат. Сондықтан жаңа депутаттардан тек саяси белсенділік емес, кәсіби біліктілік, құқықтық сауат және қоғамдық жауапкершілік талап етіледі.

Құрылтай ел мен билік арасындағы сенімді диалогтің берік көпіріне айналған жағдайда ғана саяси реформаның түпкі мақсаты орындалады. Ең бастысы, жаңа саяси институт халықтың мүддесіне қызмет етіп, заң үстемдігін нығайтуға және елдің ұзақ мерзімді дамуына жол ашуы тиіс. Өйткені Құрылтайдың болашағы оның қабырғасында қабылданатын шешімдермен ғана емес, сол шешімдердің қоғам өміріне әкелетін нақты өзгерістерімен өлшенеді.

Жадыра ЖОЛДАСОВА.



e-mail: akketikaraii@mail.ru



www.facebook.com/Ақкетік арайы



akketikaraiy



OTRAN
NEWS.kz



■ АҚКЕТІКТІҢ АДАМДАРЫ

КЕЙБІР АДАМДАРДЫҢ ҒҰМЫРЫ ҰЗАҚ БОЛМАУЫ МҰМКІН. БІРАҚ ОЛАРДЫҢ ЕЛГЕ СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ, АДАМҒА ЖАСАҒАН ЖАҚСЫЛЫҒЫ, КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА ҚАЛДЫРҒАН ТӘРБИЕСІ ЖЫЛДАР ӨТКЕН САЙЫН КӨМЕСКІЛЕНБЕЙДІ. КЕРІСІНШЕ, УАҚЫТ АЛЫСТАҒАН САЙЫН ҚАДІРІ АРТА ТҮСЕДІ. НӘДІРҚОЖА БҰХАРБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫНА ҮҢІЛГЕН САЙЫН ОСЫНДАЙ ОЙҒА КЕЛЕСІҢ.

1956 жылы 6 сәуірде Маңғыстаудың мақтанышы, арайлы Ақкетік қаласында, Түпқараған ауданында көпбалалы отбасында дүниеге келген Нәдірқожа Бұхарбайұлы бала күнінен еңбекті, тәртіпті және спортты жанына серік етті. 1974 жылы орта мектепті тәмамдаған соң, жүрек қалауымен спорт жолына бет бұрды. Бұл таңдау оның кейінгі өмірінің өзегіне айналды.

Оның еңбек жолы спорт мектебіндегі жаттықтырушылық қызметтен басталды. Өзі де во-

мізде: «Маған бұрын біреу айтып еді, сен елуге келмейсің деп», – деп айтатын еді. Сол айтқанындай, елу жасқа толар-толмаста өмірден өтті де кетті...

Бұл сөздің өзі адамға ой салады. Нәдірқожа Бұхарбайұлы 2006 жылы, елу жасқа толар шағында жарық дүниемен қоштасты. Бірақ оның ғұмырын туған және дүниеден өткен жылдарының арасындағы уақытпен ғана өлшеу мүмкін емес. Оның шын ғұмыры – тәрбиелеген шәкірттерінде, берген ақылында, отбасына қалдырған өнегесінде, ел ішінде жасаған игі істерінде жал-



Азанұлының «Біз Нәдірқожадай боламыз деп армандадық» деген естелігі бір-бірін толықтырып тұрғандай. Бірі – әріптесінің көзімен көрген Нәдірқожа. Екіншісі – бала күнінде өзіне үлгі болған тұлғаның бейнесі. Ал осы екі естеліктің арасынан Нәдірқожа Бұхарбайұлының шынайы портреті көрінеді: ол өзінен кейінгілерге жол көрсеткен, қажет кезінде ұстаз да, аға да бола білген, адамдығы мен адалдығын қызметінен биік қойған азамат еді.

Нәдірқожа ағаның өміріндегі ең үлкен жеңіс де осында болса керек. Ол спортта талай жеңіске жетуі мүмкін. Қызметте талай белесті бағындырды. Бірақ оның ең үлкен жетістігі – өзін көрген балаға «осындай адам болсам» деген арман ұялата білуі.

Жылдар өтеді. Балалар өседі. Бір кездері өзіне Нәдірқожадай болуды мақсат еткен сол балалар бүгінде өздері ел ағасына айналды. Бірақ олардың жадында сол бала күнгі арман әлі де сақтаулы. Өйткені нағыз ұстаздың шәкірт өміріндегі орны мектеп біткенде аяқталмайды. Ол

«ОЛ БІРД ЖӨЖІР МҰЗУ, ЖОЛЫ БӨЛЕК АДАМ ЕДІ...»

лейболдан түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Алайда Нәдірқожа аға үшін спорттағы жеңістің өзінен шәкірт тәрбиесі маңыздырақ еді. Ол жасөспірімдерге доп ұстаудың, алаңда ойнаудың әдісін ғана үйреткен жоқ. Жеңіске ұмтылуды, жеңіліске сабыр етуді, командаға адал болуды, тәртіпті сақтауды үйретті. Өйткені ол спортты жай ғана ойын емес, азамат тәрбиелейтін өмір мектебі деп түсінді. Жастарға «Еліне қызмет ететін нағыз азамат болындар» деген жазмұндағы ақылын айтып, олардың бойына мажүкершілік пен елжандылықты сіңіруге тырысты.

Кейін Нәдірқожа Бұхарбайұлы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып, мектеп қабырғасында талай шәкіртке ұстаздық етті. Сабақ үстінде тәртіпті талап ететін, ал сабақтан тыс уақытта шәкіртіне әкедей қамқор, ағадай ақылшы бола білді. Оның түсінігіндегі жігіттің мықтылығы тек күшінде емес, елге, отбасына жауап бере алатын азаматтығында еді.

Нәдірқожа ағаның еңбек жолы мектеппен ғана шектелген жоқ. Ол әкімшілік саласында, экономика және қаржы бөлімінде, білім бөлімінде, «Дарын» мектебінде де қызмет атқарды. Қай жерде жүрсе де ісіне тиянақтылығымен, адалдығымен, жауапкершілігімен ерекшеленді. Қызмет атауы өзгергенімен, оның адамдық ұстанымы өзгерген жоқ.

Осы ағамыздың өмір жолын зерттеп, артында қалған ізін түгендеп жүргенімде, жақында ғана газетіміздің кейіпкері болған Гүлнар Сарықызына хабарластым.

Әдеттегідей аудан халқының амандығын, елдегі жаңалықтарды сұрап, жөн-жосық білдік. Өңгіме арасында редакцияның тыныс-тіршілігімен танысқан ол «Ақкетік арайы» газетінің 95 жылдық мерейтойымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

Сөздің салтымен жөн сұрасып, өңгіме тиегін ағыта келе, көптен көкейімде жүрген сауалды койдым.

– Гүлнар апа, Нәдірқожа ағаймен бірге қызмет атқарған екенсіз. Ол кісі туралы не айтар едіңіз?

Телефонның ар жағынан бір сәт үнсіздік орнады. Апай терең күрсініп алды.

– Әй, балам-ай... Ол бір жөні түзу, жолы бөлек адам еді ғой. Ол бар кезде мектепте тыныштық та, тәртіп те болатын еді, – деді ол өткен күндерді ой елегінен өткізіп.

Сөзінің әр буынынан сағыныш сезілді. – Мен онымен әрі әріптес болдым, әрі басшы болдым. Қай кезеңде болмасын, өзінің адалдығымен, кісіге «жоқ» дей алмайтын кеңдігімен есте қалды ғой. Жұрттың көңілін қимайтын. Біреуге көмектесуге мүмкіндік болса, қолынан келгенін жасайтын.

Гүлнар апайдың бұл сөзі Нәдірқожа ағаның болмысын сырт көзбен тануға мүмкіндік береді. Ол мақтауды емес, жұмысты сүйген жан еді. Дауыс көтеріп, өзін көрсетіп емес, нақты ісімен танылатын. Кішіпейілдігімен елдің құрметіне бөленді. Қиналған оқушыға қол ұшын созып, жол көрсетіп, дұрыс бағытқа салуға тырысты. Жастарға деген жанашырлығы оның ұстаздық жолының басты белгілерінің бірі болды.

– Қазіргі мұғалімдер де сол кісідей адал, ұлтжанды болса ғой деп армандаймын. Ол кісі балаларды тек пәнге үйретіп қойған жоқ. Азамат болуға үйрететін еді, – деді Гүлнар апай.

Осы жерде апайдың даусы сәл бәсеңдеді.

– Бірақ, әттен... Ғұмыры қысқа болды ғой... Адам кейде өмірдің ұзақтығын жылмен өлшейді. Ал кейбір адамдардың ғұмыры қысқа болғанымен, артында қалдырған ізі ұзаққа жетеді. Нәдірқожа ағамыздың тағдыры да сондай еді.

Гүлнар апай бір кездері Нәдірқожаның өзі айтқан бір әңгімені есіне алды.

– Баяғыда бірге жұмыс істеп жүрген кезі-

ғасып келеді.

– Ол кісімен ширек ғасырға жуық бірге жұмыс істедім. Кейін білім бөлімін басқаруға кеткенімде де байланысымыз үзілген жоқ. Адам ретінде де, әріптес ретінде де орны бөлек еді, – деп Гүлнар апай сөзін аяқтады.

Телефон тұтқасын қойған соң, тағы бір ой келді: кейбір адамдардың қадірін олар өмірден өткеннен кейін емес, олардың орнын басатын адам табылмай қалған кезде түсінесің. Нәдірқожа Бұхарбайұлы да сондай азамат еді.

Нәдірқожа ағаның болмысын тек қызметі мен атақтарынан іздеу аздық етеді. Оның адамға, табиғатқа деген қарым-қатынасынан да көп нәрсені аңғаруға болады. Спортты жанына серік еткен азамат табиғатты да ерекше жақсы көрді. Өз қолымен жеміс-жидек ағаштарын егіп, оларды баптап, өсірді.

Бұл – сырттай қарағанда қарапайым ғана әрекет. Бірақ оның астарында үлкен тәрбие жатыр. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген халық даналығын ол сөзбен ғана емес, ісімен көрсетіп кетті. Бүгінде оның қолымен егілген талдардың жапырағы сыбдырлаған сайын, артында қалған бір ізгі ойды еске салғандай.

Ағаш отырғызу – ертеңге сенудің бір түрі. Өйткені еккен талдың көленкесін еккен адам әрдайым көре бермейді. Нәдірқожа аға да өз қолымен отырғызған ағаштарының бүгінгі жай-қалған шағын ғана емес, кейінгі ұрпаққа берер пайдасын ойлаған болар. Оның осы қарапайым ісінен де азаматтық болмысы көрінеді.

Әкө. Жар. Шаңырақтың тірегі

Нәдірқожа Бұхарбайұлы қызметте канша жауапкершілікті арқаласа да, оның өміріндегі отбасының орны бөлек еді.

1978 жылы өмірлік жары, ақылшысы Меңдібике Алексеевамен шаңырақ көтеріп, төрт перзент тәрбиелеп өсірді. 1979 жылы тұңғышы Қуаныш, 1981 жылы қызы Динара, 1982 жылы қызы Өсемгүл, 1988 жылы кенже ұлы Ербол дүниеге келді.

Төрт баланың әкесі ретінде ол перзенттеріне ең алдымен еңбекқорлықты, адалдықты, үлкенді сыйлауды үйретті. Әкенің тәрбиесі кейде ұзақ ақылдан емес, күнделікті ісінен көрінеді. Баланың көргені, естігені, әкесінің адамға деген қарым-қатынасы – бәрі де тәрбие. Нәдірқожа ағаның ұрпағына қалдырған ең үлкен мұрасы да дүние-мүлік емес, осы адамдық қасиеттер еді.

Ол отбасында тірек бола білді. Жары Меңдібике апамен бірге шаңырақтың берекесін сақтап, төрт перзентінің болашағына алаңдап, оларды азамат етіп өсіруге күш салды. Бүгінде сол тәрбиенің жемісі ұрпағының бойынан көрінеді. Нәдірқожа аға көзі тірісінде тұңғыш жиендерін көріп, еркелетіп, маңдайынан иіскеп, ақ батасын беріп үлгерді. Алайда немерелерінің қызығын көруді тағдыр оған жазбады.

Бүгінде жары Меңдібике апа ұл-қыздарынан сегіз немере, он бір жиен сүйіп отырған ардақты әже. Ал сол сегіз немеренің күлкісінен, жүріс-тұрысынан, бойындағы тәрбиеден аталарының өнегелі ізі байқалады. Бұл – өмірдің жалғасы. Адамның өзі өмірден өтеді. Бірақ оның сөзі, мінезі, тәрбиесі, ұрпағына берген бағыты қалуы мүмкін. Нәдірқожа ағаның да ғұмыры осылай жалғасып келеді.

Ұстаздың, шын бағасы – шәкіртінде

Нәдірқожа Бұхарбайұлының өміріндегі ең үлкен белестердің бірі – ұстаздық жолы. Себебі ұстаз еңбегінің

нәтижесі бір күнде көрінбейді. Ол жылдардан кейін, шәкірті өмір жолына түскенде барып танылады.

Осы ойдың дәлелі ретінде Нәдірқожа ағаның замандасы, бүгінде зейнет жасына жеткен ардагер ұстаз Қуантхан Азанұлының естелігіне тоқталған жөн.

Нәдірқожа ағаның өмір жолы мен адамдық болмысын жақсы білетін Қуантхан ағайды арнайы үйіне іздеп барып, әңгімелестік. Ғұмырын спорт саласына арнаған ардагер ұстаз өзі де талай баланың спортқа қызығуына, қабілетін танытып, қанатын кең жаюына себепкер болған жан.

Өңгіме барысында Қуантхан аға Нәдірқожа есімінің өзі бала күндерінде қандай әсер қалдырғанын айтып берді.

– Біз ол кезде баламыз. Бір кезде құлағымызға «Нәдірқожа деген ардагер ұстаз өзі де талай баланың спортқа қызығуына, қабілетін танытып, қанатын кең жаюына себепкер болған жан».

– Біз ол кезде баламыз. Бір кезде құлағымызға «Нәдірқожа деген ардагер ұстаз өзі де талай баланың спортқа қызығуына, қабілетін танытып, қанатын кең жаюына себепкер болған жан».

Бұл – Нәдірқожа ағаның сол кездегі жастар арасындағы беделін аңғартатын сөз. Кейіпкеріміздің есімі жай ғана спортшы немесе ұстаз ретінде емес, балалардың арманына айналған.

Қуантхан ағаның айтуынша, бүгінгі балалардың Месси мен Роналдуды үлгі тұтып, солардай болуды армандайтыны секілді, олардың бала күнінде Нәдірқожа аға сондай биікте тұрған.

– Қазіргі балалар Месси, Роналду деп армандайды ғой. Ал біз «Нәдірқожадай боламыз» деп армандадық, – дейді Қуантхан Азанұлы.

Бір қарағанда, бұл – қарапайым ғана естелік. Ал астарына үңілсек, бір адамның тұтас буынға берген әсері жатыр. Баланың біреуге еліктеуі – сол адамның сыртқы жетістігіне ғана емес, оның бойындағы қасиетке деген құрметінен туады. Демек, Нәдірқожа аға өзінен кейінгі жастарға спорттағы шеберлігімен ғана емес, азаматтық болмысымен де үлгі болған.

Кейін Қуантхан ағаның өзі Нәдірқожаның қасында жүріп, оны жақынырақ таныған.

– Кейін жанында жүрдік. Қажет кезде ұстаз болды, аға болды, – дейді ол.

Осы бір ауыз сөздің өзі Нәдірқожа ағаның ұстаздық ұстанымын айқындап тұрғандай.

Ол үшін шәкіртке сабақ беріп, тапсырма орындату жеткіліксіз еді. Қажет кезінде ақылын айтып, дұрыс жол сілтеу, қиындықта қолдау көрсету, жасқа жанашырлық таныту – ұстаздықтың ажырамас бөлігі болатын.

Қуантхан Азанұлы бүгінгі ұстаздық пен өздері көрген кезеңдегі ұстаздықтың арасындағы айырмашылықты да сөз етті.

– Қазіргі ұстаздарда жанашырлық азайып бара жатқан сияқты. Мұғалімдік кәсіп сияқты болып кеткен. Ал Нәдірқожа мұғалімдікті кәсіп емес, өмір ретінде көрді, – дейді ардагер ұстаз.

Бұл сөз Нәдірқожа ағаның ұстаздық болмысын ашатын ең маңызды тұстардың бірі.

Шын мәнінде, ұстаздықты мамандық ретінде таңдау бір бөлек те, оны өмірлік ұстанымға айналдыру бір бөлек. Нәдірқожа аға үшін мектеп – жұмыс орны ғана емес, адам тәрбиелейтін орта болды. Оның әр шәкіртіне деген қарым-қатынасынан осыны аңғаруға болатын.

Ол баланың спорттағы нәтижесіне ғана емес, оның азамат болып қалыптасуына мән берді. Жасөспірімге жеңісті де, жеңілісті де қабылдауды, тәртіпті сақтауды, командаға адал болуды, үлкенді сыйлауды үйретті. Сондықтан оның шәкірттері Нәдірқожа ағаны жылдар өтсе де ұмытпайды.

Гүлнар Ибраеваның «Ол бір жөні түзу, жолы бөлек адам еді ғой...» деген сөзі мен Қуантхан

адамның мінезінде, таңдауында, өмірге деген көзқарасында жалғасады.

Адамдық ұстанымы өзгермеді

Нәдірқожа Бұхарбайұлының еңбек жолы сан қырлы болды. Спорт мектебіндегі жаттықтырушылықтан кейін ұстаздық етті. Кейін әкімшілік, экономика және қаржы, білім салаларында еңбек етті. «Дарын» мектебінде де қызмет атқарды. Әр саланың талабы бөлек. Бірақ Нәдірқожа аға қай қызметке барса да бір қасиетін жоғалтпады – жауапкершілік.

Ол үшін жұмыс – жай ғана айлық алатын орын емес, аманат еді. Сондықтан тапсырылған істі соңына жеткізуге тырысты. Адаммен қарым-қатынаста қарапайым болды. Өзінен көмек сұраған жанды кері қайтармауға ұмтылды.

Гүлнар Ибраеваның «кісіге жоқ дей алмады» деген сөзі де осы мінезді аңғартады. Бұл қасиет кейде адамға қиындық әкелуі мүмкін. Бірақ адамдық тұрғыдан қарағанда, өзгеге қол ұшын созуға дайын болу – үлкен жүректің белгісі.

Өлмес өнеге қалдырды

Нәдірқожа ағаның өміріне сырттай көз жүгірткенде, қарапайым еңбек адамының тағдырын көреміз. Бірақ сол қарапайым ғұмырдың ішінде үлкен мән жатыр. Ол спортшы болды. Жаттықтырушы болды. Ұстаз болды. Әкімшілік қызметте еңбек етті. Әке болды. Жар болды. Аға болды. Бірақ осының бәрінен биік тұрған бір атауы бар еді – адам.

Адам ретінде ол адал болуға тырысты. Ұстаз ретінде шәкіртін азамат етуге ұмтылды. Әке ретінде перзентіне дұрыс жол көрсетті. Азамат ретінде елге қызмет етті. Оның өмір жолынан бүгінгі ұрпаққа алатын сабақ та осы. Адам болу үшін міндетті түрде үлкен қызмет атқарудың қажеті жоқ. Елге қызмет ету үшін атақты болудың қажеті жоқ. Бір шәкіртке дұрыс сөз айту, бір жасқа жол көрсету, бір тал егу, бір отбасыға тірек болу – мұның бәрі адам ғұмырының мағынасын арттыратын істер. Нәдірқожа Бұхарбайұлы осыны өз өмірімен көрсетті.

Бүгінде оның есімі отбасында ғана емес, оны көрген, бірге жұмыс істеген, одан тәлім алған жандардың жадында сақтаулы. Гүлнар Ибраеваның естелігі де, Қуантхан Азанұлының бала күнгі арманы да – соның бір дәлелі.

«Ол бір жөні түзу, жолы бөлек адам еді ғой...» деген бір ауыз сөздің өзінде тұтас бір адамның портреті тұр.

Жөні түзу адам – жолынан адаспайды. Жолы бөлек адам – артынан өзіндей із қалдырады. Нәдірқожа Бұхарбайұлының артында сондай із қалды.

Ол тәрбиелеген шәкірттердің әрқайсысы – оның өмірінің жалғасы. Оның балалары – оның аманаты. Немерелері – оның көре алмаған, бірақ тәрбиесі жеткен ұрпағы. Ал өзі отырғызған талдар – уақыттың үнсіз куәгерлері.

Сондықтан Нәдірқожа ағаның ғұмыры 2006 жылы аяқталғанымен, оның өнегелі жолы аяқталған жоқ. Ол өмірден өтті. Бірақ оның айтқан ақылы, көрсеткен тәрбиесі, жасаған жақсылығы ел жадында қалды. «Адам бол, еңбек ет, жастарға қызмет ет» деген ұстаным оның өмірінің өзегіндей еді. Бүгінде сол өнегелі жолын ұрпағы жалғастырып келеді. Нәдірқожа Бұхарбайұлының есімі мен ізгі істері оны танығандардың жүрегінде мәңгі сақталады.

Ернар МАРАТОВ.

ЖОБА

Форт-Шевченко қаласы бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), жер учаскелері үшін төлемақының және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8 және 11 баптарына және Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 582 бабына сәйкес, Түпқараған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласы бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасы(схемасы), жер учаскелері үшін төлемақының және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау, Түпқараған ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау және орналастыру Түпқараған аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысы К. Махмутқа жүктелсін.


3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түпқараған аудандық
мәслихатының төрағасы

А. БАЙБАТЫРОВА

Түпқараған аудандық мәслихатының шешіміне
1-қосымша

Форт-Шевченко қаласы бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасы (схемасы)



Түпқараған аудандық мәслихатының шешіміне
2-қосымша

Аймақтың №	Бағалық аймақ бойынша түзету коэффициенттері	Салық салу бойынша түзету коэффициенттері	Аймаққа кіретін аумақтың қысқаша сипаттамасы
I	2,0	2,5	Каспий теңізінің жағалауы аумағы
II	1,8	2,5	Өндірістік аймақ
III	1,6	2,5	Селитебтік аймақ
IV	1,4	2,5	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы және басқа де режимде қолданыстағы жерлер

Аймақтардың сипаттамасы

I аймақ - Каспий теңізінің жағалауы.

Жағаның ені - 1 шақырым, Форт-Шевченко қаласының пайдалануындағы жағалау аймағының солтүстік-батыс бөлігінің шекарасымен өтіп жатыр.

II аймақ - өндірістік аумақ.

Өндірістік құрылыстар жерлері мен автокөлік жолдарының (облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдары) екі жағынан 500,0 метр жерлер кіреді.

III аймақ - селитебтік аумақ.

Негізгі әкімшілік ғимараттар, жалпы білім беретін мектептер, балабақшалар, спорт мектебі, мәдениет үйі, кітапхана, емхана, мешіт, жеке меншік ұсақ дүкендер желісі, кафелер және мейрамханалар кіреді. Тұрғын массивтер газбен, электрмен және телефон байланысымен қамтамасыз етілген.

IV аймақ - ауылшаруашылығы және басқа мақсаттардағы жерлер.

ПРОЕКТ

Об утверждении проекта(схемы) зонирования земель, поправочных коэффициентов к базовым ставкам платы за земельные участки и земельного налога по г. Форт-Шевченко

В соответствии со статьями 8 и 11 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 582 Налогового кодекса Республики Казахстан, Тупкараганский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить проект (схему) зонирования земель, поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки и земельного налога по городу Форт-Шевченко, Тупкараганского района согласно приложениям 1, 2 к настоящему решению.

2. Контроль за исполнением настоящего решения, размещение и опубликование на интернет-ресурсе акимата Тупкараганского района возложить на руководителя Тупкараганского районного отдела земельных отношений, архитектуры и гардостроительства Махмут К.


3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Тупкараганского
районного маслихата

БАЙБАТЫРОВА А.

Приложение 1
к решению Тупкараганского районного маслихата

Проект (схема) зонирования земель по городу Форт-Шевченко



Приложение 2
к решению Тупкараганского районного маслихата

Зона №	Поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки	Поправочные коэффициенты по налогообложению	Краткое описание территории, входящей в зону.
I	2,0	2,5	Прибрежная территория Каспийского моря.
II	1,8	2,5	Промышленная зона.
III	1,6	2,5	Селитебная зона.
IV	1,4	2,5	Земли сельскохозяйственного назначения и земли, используемые в иных режимах.

Описание территорий

I зона — прибрежная территория Каспийского моря.

Ширина прибрежной полосы — 1 километр, проходит по границе северо-западной части прибрежной зоны, находящейся в пользовании города Форт-Шевченко.

II зона — промышленная территория.

Включает земли промышленных объектов и территории в пределах 500,0 метров по обе стороны автомобильных дорог областного и районного значения.

III зона—селитебная территория.

Включает основные административные здания, общеобразовательные школы, детские сады, спортивную школу, дом культуры, библиотеку, поликлинику, мечеть, сеть небольших частных магазинов, кафе и рестораны. Жилые массивы обеспечены газом, электроэнергией и телефонной связью.

IV зона — земли сельскохозяйственного и иного назначения.



■ ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР КЕЗЕҢІ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 2026 ЖЫЛҒЫ І ШІЛДЕДЕН БАСТАП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.

Жаңа заңда жастардың мемлекеттік қызметке ерте араласуына және кәсіби тұрғыдан қалыптасуына мүмкіндік беретін маңызды тетіктер қарастырылған. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметке қажетті білімі мен дағдысы бар жас мамандарды даярлап, оларды елге қызмет етуге бағыттау.

Мемлекеттік қызметке кәсіби әрі білікті кадрларды тарту мақсатында азаматтарды мемлекеттік қызметке кіруге даярлаудың жаңа жүйесі қарастырылған.

Жүйе екі бағытты қамтиды: төменгі лауазымдарға ерте кәсіптік бағдарлау арқылы даярлау және басшы лауазымдарға даярлау.

Бірінші бағыт бойынша азаматтар бакалавриат бағдарламасында білім ала отырып, мемлекеттік қызметке қажетті кәсіби дағдыларды, құқықтық мәдениетті, қазақ

стандық патриотизм мен қызметтік әдеп қағидаларын меңгереді. Даярлықты аяқтаған азаматтар оқуын бітіргеннен кейін екі жыл ішінде конкурстық жергілікті атқарушы органдардағы төменгі лауазымдарға орналаса алады.

Екінші бағыт басшы кадрларды даярлауға бағытталған. Бұл бағдарлама бойынша азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында магистратурада оқиды. Даярлықты аяқтағандар белгіленген тәртіппен орталық мемлекеттік органдарда және жергілікті атқарушы органдарда басшы лауазымдарға орналасу мүмкіндігіне ие болады.

Бұл ретте білім алушылар оқуды аяқтағаннан кейін үш жыл ішінде мемлекеттік қызметте жұмыспен өтеу міндетмесін қабылдайды. Міндеттемелер орындалмаған жағдайда бюджет қаражаты есебінен оқуға жұмсалған шығыстарды өтеу көзделді.

Жастар үшін заңда мемлекеттік қызметке орналасудың жаңа мүмкіндігі де қарастырылған. Бұған дейін қолданыстағы заңнамаға сәйкес, конкурстық мемлекеттік қызметке орналасу мүмкіндігі негізінен мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім алған үздік тұлғаларға берілсе, қазіргі заң талаптарына сәйкес бұл мүмкіндік кеңейтілді. Енді жоғары оқу орнын ақылы негізде аяқтаған, оқу нәтижесі жоғары және GPA көрсеткіші 3,33-тен төмен емес үздік

тұлғалар де оқуын аяқтаған күннен бастап бір жыл ішінде еңбек өтілін талап етпейтін аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурстан тыс тағайындала алады.

Бұл өзгерістер жас мамандардың мемлекеттік қызметке келу жолын жеңілдетуге бағытталған. Яғни жоғары оқу орнын жақсы аяқтаған, білімі мен қабілеті бар жастар үшін мемлекеттік қызметке алғашқы қадам жасауға қолайлы жағдай жасалмақ.

Ең бастысы – бұл мүмкіндік жастарға ғана емес, мемлекетке де тиімді. Себебі елдің болашағын ойлайтын, заманауи білімді және кәсіби мамандардың мемлекеттік басқару жүйесіне ерте келуі мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Ал осындай бағдарламалар сол жастың өз қабілетін ел игілігіне жұмсауына нақты жол ашады.

Тоқтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

■ ДЕНСАУЛЫҚ

ВИРУСТЫ ГЕПАТИТ

ВИРУСТЫ ГЕПАТИТ - БАУЫРДЫҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН ЖӘНЕ ҚАУІПТІ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЫ. ВИРУСТЫ ГЕПАТИТТІҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІНІҢ ІШІНДЕ А ГЕПАТИТІ ЕҢ ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ. ЖҰҚТЫРҒАН СӘТТЕН БАСТАП АУРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРІ ПАЙДА БОЛҒАНҒА ДЕЙІН 7 КҮННЕН 50 КҮНГЕ ДЕЙІН СОЗЫЛАДЫ. КӨБІНЕСЕ АУРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТЕМПЕРАТУРАНЫҢ ЖОҒАРЫЛАУЫМЕН БІРГЕ ЖҮРЕДІ ЖӘНЕ ТҰМАУҒА ҰҚСАС БОЛУЫ МҮМКІН.

В гепатиті вирусы жыныстық жолмен, нашакорлардан стерильді емес шприцтермен инъекция арқылы, анасынан ұрыққа беріледі. Ауру дене қызу көтерілуі, әлсіздік, буындардағы ауырсыну, жүрек айнуы және құсумен басталады. Кейде бөртпе пайда болады. Бауыр мен көкбауырдың ұлғаюы байқалады. Сондай-ақ зәрдің қараюы және нәжістің түсі өзгеруі мүмкін.

С гепатиті – вирустық гепатиттің ең ауыр түрі, оны трансфузиядан кейінгі гепатит деп те атайды. Бұл олардың қан құйғаннан кейін ауырғанын білдіреді. Көбінесе инфекция есірткіге тәуелді адамдарда шприцтер арқылы жүреді. Анадан ұрыққа жыныстық жолмен берілуі де мүмкін. Ең үлкен қауіп – бұл аурудың созылмалы түрі, ол жиі циррозға және бауыр ісігіне айналады. Созылмалы ағым пациенттердің шамамен 70-80 пайызында дамиды. С гепатитін вирустық гепатиттің басқа түрлерімен біріктіру ауруды күрт нашарлатады және өліммен аяқталу қаупін тудырады.

Д гепатиті – В гепатитінің ағымын қиындады «серіктес ауру». Е гепатиті А гепатитіне ұқсас, бірақ ол баяу басталады және жүкті әйелдер үшін қауіпті.


Инфекция жолдары: гепатит вирустары адам ағзасына екі негізгі жолмен түседі. Ауру адам вирусты нәжіспен шығара алады, содан кейін ол басқа адамдардың ішектеріне сумен немесе тамақпен енеді. Дәрігерлер инфекцияның бұл механизмін фекальды-оральный деп атайды. Ол А және Е гепатиті вирустарына тән.

Инфекцияның екінші жолы – жұқтырған адамның (инфицированный) қанымен байланысы. Ол В, С, D гепатиті вирустарына тән. Инфекцияның таралуы мен ауыр зардаптарына байланысты ең үлкен қауіп В және С гепатиті вирустары болып табылады.

Симптомдары: ауру жұқтырған сәттен бастап аурудың алғашқы белгілері пайда болғанға дейін әртүрлі уақыт өтеді: А гепатитімен 2-4 аптадан, В гепатитімен 2-4 және тіпті 6 айға дейін. Осы кезеңнен кейін вирус ағзада көбейіп, бейімделеді, ауру басталып, өзін білдіреді.

Бастапқыда сарғаю басталғанға дейін гепатит тұмауға ұқсайды және дене қызуының көтерілуімен, бас ауруымен, жалпы әлсіздікпен, дененің ауруымен басталады, мысалы, А гепатиті В және С гепатиттерінде, әдетте, бірте-бірте басталады, дене қызуы күрт көтерілмейді. Сонымен, В гепатиті вирусы аздан температура, буындардағы ауырсыну, кейде бөртпе түрінде көрінеді. Әдетте, сарғаю пайда болғаннан кейін науқастардың жағдайы жақсартады. Қалған науқастарда бірте-бірте, бірнеше апта ішінде симптомдардың кері дамуы байқалады. Вирусты гепатиттің жедел түрлері осылай өтеді. Гепатиттің клиникалық ағымы әртүрлі ауырлықта болуы мүмкін: жеңіл, орташа және ауыр түрлері. Төртінші, фульминантты, яғни «молниеносно» жылдам түрі де бар. Бұл бауырдың жаппай некрозы дамиды, әдетте науқастың өлімімен аяқталатын гепатиттің ең ауыр түрі.

Ең үлкен қауіп - гепатиттің созылмалы



ағымы. Хронизация тек В, С, D гепатиттеріне тән. Созылмалы гепатиттің ең тән белгілері – күннің соңына қарай әлсіздік және шаршаудың жоғарылауы, бұрынғы физикалық белсенділікті орындай алмау. Созылмалы вирустық гепатиттің асқынған сатысында сарғаю, зәрдің қараюы, терінің қышуы, қан кету, салмақ жоғалту, бауыр мен көкбауырдың ұлғаюы, өрмекші веналар анықталады.

Алдын алу: вирусты гепатит ауруларының алдын алу негізгі жолы – вакцинация. Вирусты гепатит А және В түріне қарсы уақытылы егу жұмыстарын жүргізу. Қосымша өзіңізді гепатит инфекциясынан қорғау үшін қарапайым ережелерді сақтау керек. Қайнамаған суды пайдаланбаңыз, әрқашан жемістер мен көкөністерді жуыңыз, тағамды термиялық өңдеуді елеменіз. Бұл гепатит А инфекциясының алдын алуға көмектеседі.

Жалпы алғанда, басқа адамдардың дене сұйықтықтарымен байланыста болудан аулақ болу керек, В және С гепатиттерінен қорғау үшін – ең алдымен қанмен. Микроскопиялық мөлшерде қан ұстара-ларда, тіс щеткаларында, тырнақ қайшысында қалуы мүмкін. Бұл заттарды басқа адамдармен бөліспеніз. Сіз стерильді емес құрылғылармен пирсинг пен татуировканы жасауға болмайды. Жыныстық қатынас кезінде сақтық шараларын сақтау керек.

3.ТЕМУРОВА,

аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Түпқараған аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ Форт-Шевченко қаласы, Баутино, Аташ ауылы тұрғындарына «Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласының бас жоспары. Түзету» жобасына СЭБ бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Өсер ету аумағы және географиялық координаттары: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, координаттары: 44°30'10,45" солтүстік ендік, 50°15'22,24" шығыс бойлық. Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Баутино ауылы, координаттары: 44°32'21,78" солтүстік ендік, 50°15'10,63" шығыс бойлық.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні және уақыты: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Н. Оңғалбайұлы көшесі, 53.

2026 жылғы 28 қыркүйек, сағат 15:00 (Форт-Шевченко қаласы); 2026 жылғы 28 қыркүйек, сағат 17:00 (Баутино, Аташ ауылдары).

Zoom конференциясына қосылу 15-00 (Форт-Шевченко қаласы): <https://us05web.zoom>.

us/j/82810982956?pwd=vsPkGgwVlrWU3LfbjSRt6NxJKux70n.1

Конференция идентификаторы: 828 1098 2956

Кіру коды: 2z6mSn

Zoom конференциясына қосылу 17-00 (Баутино, Аташ ауылдары)

<https://us05web.zoom>.

us/j/83563353219?pwd=PUwDGzTSNwApKc2vJKE7CtRtEoSH.1

Конференция идентификаторы: 835 6335 3219

Кіру коды: 0Emk6L

Тапсырыс беруші: «Түпқараған аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, БСН 160640000137, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Н.Оңғалбайұлы көшесі, 2. E-mail: tupkaragan.zher@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші: «Урбостиль» ЖШС, БСН 950440001019, Алматы қаласы, Науай көшесі, 208, 423-кеңсе, тел.: 8 727 311 59 13, info.urbanstyle@gmail.com.

Құжаттама мына интернет-ресурстарда орналастырылған:

<https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/1?lang=ru>.

Ескертулер мен ұсыныстар Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Ақтау қаласы, 14 микрорайон, 1 ғимарат, E-mail: S.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, tabigat@mangystau.gov.kz, G.tulembet@mangystau.gov.kz, тел: 8 (7292) 46-21-31 және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында қабылданады.

Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландыру қазақ және орыс тілдерінде «Ақкетік арайы» газетінде, «Той думан» радиосының 105 FM эфирінде жарияланады. Сондай-ақ хабарландыру Форт-Шевченко қаласы мен Түпқараған ауданы әкімдіктерінің ақпараттық тақталарында орналастырылады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ГУ «Тупкараганский районный отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по СЭО к проекту «Генеральный план г.Форт-Шевченко Тупкараганского района Мангистауской области. Корректировка» для населения г.Форт-Шевченко, сел Баутино, Аташ.

Территории воздействий и географические координаты: Мангыстауская область, Тупкараганский район, г.Форт-Шевченко, северная широта 44°30'10,45", восточная долгота 50°15'22,24", Мангыстауская область, Тупкараганский район, Баутинская п.а., п.Баутино, северная широта 44°32'21,78", восточная долгота 50°15'10,63"

Место, дата и время проведения общественных слушаний: Мангыстауская область, Тупкараганский район, г.Форт-Шевченко, ул. Н.Оңғалбайұлы, 53.

28.09.2026 г. время 15:00 (г.Форт-Шевченко), 28.09.2026г. время 17-00 (п.Баутино, Аташ).

Подключиться к конференции Zoom в 15-00 (г.Форт-Шевченко) <https://us05web.zoom>.

us/j/82810982956?pwd=vsPkGgwVlrWU3LfbjSRt6NxJKux70n.1

Идентификатор конференции: 828 1098 2956 Код доступа: 2z6mSn

Подключиться к конференции Zoom в 17-00 (п.Баутино) <https://us05web.zoom>.

us/j/83563353219?pwd=PUwDGzTSNwApKc2vJKE7CtRtEoSH.1

Идентификатор конференции: 835 6335 3219 Код доступа: 0Emk6L

Заказчик: ГУ «Тупкараганский районный отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» БИН 160640008137, Тупкараганский район, г.Форт-Шевченко, ул. Н.Оңғалбайұлы,2, E-mail: tupkaragan.zher@mail.ru.

Разработчик: ТОО «Урбостиль» БИН 950440001019, г. Алматы, ул. Навои 208, пом.423 тел.: 8 727 311 59 13, info.urbanstyle@gmail.com.

Документация размещена на интернет-ресурсе <https://ndbecology.gov.kz> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/1?lang=ru>.

Замечания и предложения принимаются в Управлении природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, город Ақтау, 14 микрорайон, 1 здание, E-mail: S.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, tabigat@mangystau.gov.kz, G.tulembet@mangystau.gov.kz, тел: 8 (7292) 46-21-31 и на сайте <https://ndbecology.gov.kz>.

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языке будет распространено следующими способами: в издании газета «Ақкетік арайы», в эфире радио «Той думан» 105 FM, также объявление будет размещено на доске объявлений акиматов г. Форт-Шевченко и Тупкараганского района.

№355

Меншік иесі:



Директордың м.а.
Сұлтанбек ҚҰДАЙБЕРГЕН

Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru



Ақкетік
арайы

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.02.2013 ж. тіркеліп, №13362-Г куәлігі берілген.

Редактор – Жадыра ЕДІГЕҚЫЗЫ.

Тілшілер – Ринат ТЕМІРХАНОВ, Милана ЕЛЕУСІНОВА, Ернар МАРАТ, Айнур ҚҰЛБОЛҒАНОВА.

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді

Үйлестіруші –
Гүлнара ТАСБОЛАТОВА

Беттетуші дизайнер –
Асем РАБАЕВА

«ӨНЕРІМ» ЖШС
баспаханасында басылды.

Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3.
Телефон: +7 777 012 22 38.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Тапсырыс: 178.

Таралымы: 282. Индекс: 65809.
Газеттің бағасы келісімді

